

"Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Черкас селолық округінің Черкас селосы көшелеріне атау беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Черкасское ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 14 қаңтардағы № 2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Черкасское ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 11 шілдедегі № 04 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 23 шілдеде № 4850 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы 1993жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Черкасское ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Черкас селолық округінің Черкас селосы көшелеріне атау беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Черкасское ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 14 қаңтардағы № 2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2175 тіркелді, 2013 жылғы 28 ақпанда аудандық "Колос" және "Аққайың" газеттерінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

қазақ тіліндегі тақырыбында және шешімінің мәтінінде, сонымен қатар шешімнің қосымшасында "селолық", "селосы" сөздері "ауылдық", "ауылы", сөздерімен ауыстырылсын;

тақырыбы, мәтіні және шешімнің қосымшасы орыс тіліндегі өзгеріссіз қалдырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Л. Макина

"КЕЛІСІЛДІ"

"Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы әкімдігінің
мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
басшысы

О. Плищенко

2018 жылғы "10" шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

"Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы әкімдігінің
сәулет, құрылыс, тұрғын үй- коммуналдық
шаруашылығы, жолаушылар көлігі және
автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
басшысының міндетін атқарушысы.

_____ Б. Омаров

2018 жылғы "10" шілде